


Республика бойынша 2020 жылдың 7 айындағы жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай

2020 жылдың 7 айында республика бойынша жұқпалы және паразиттік ауруларға байланысты эпидемиологиялық жағдай тұрақты болып сипатталады.


2019 жылмен салыстырғанда 60 жұқпалы және паразиттік аурулар бойынша сырқаттанушылық төмендеді, оның ішінде: серозды менингит 14,6 есеге, ірінді менингит 4,88 есеге, қызылша 3,27 есеге, сальмонеллез 2,53 есеге, желшешек 48,9%-ға, созылмалы вирусты гепатит-44,2%-ға, энтериобиоз-47,54%-ға, бруцеллез-46,14%-ға, аскаридоз-43,72%-ға, бактериялды дизентерия-2,42%-ға, ротовирусты энтерит-38,25%-ға, шигеллез-2,38%-ға, туберкулез-27,3%-ға, эхинококкоз-19,15%-ға, педикулез-5,35%-ға, менингококк жұқпасы 20 жағдайға төмендегені байқалады (1-ші сурет).

Тырысқақ, іш сүзегі, А, В, С паратифтері, оба, туляремия, пастереллез, дифтерия, полиомиелит, сіреспе, құтырма, висцеральдық лейшманиоз, безгек тіркелмеген.



1-ші сурет, 2019, 2020 жж. 7 айында Қазақстан Республикасындағы төмендеген инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша салыстырмалы сипаттамасы (100 мың халыққа шаққандағы сырқаттанушылық көрсеткіші).

Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде республика бойынша мынандай сырқаттанушылық көрсеткіштері: ботулизм 2,17 есеге, жіті вирусты гепатиттер 40,0 есеге, қышыма 12,2 %-ға, тері лейшманиозы 7 жағдайға артқандығы байқалады (2-ші сурет).



2-ші сурет, 2019, 2020 жж. 7 айында Қазақстан Республикасындағы жоғарылаған инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша салыстырмалы сипаттамасы (100 мың халыққа шаққандағы сырқаттанушылық көрсеткіші).

«COVID-19» жұқпасының 79872 жағдайы, қызылша, сібір жарасы, листериоз, амебиаз, трихоцефалез, дифиллоботриоз жұқпаларының спорадикалық жағдайларының тіркелуі орын алды.

Инфекциялық аурулардың алдын алуда мынадай қарапайым қағидаларды сақтау керектігін естеріңізге салғымыз келеді:

- ✓ салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйықтау, таза ауада дем алу, белсенді демалыс, үйлесімді, дәруменге бай тамақтану), бұл кез келген инфекциямен күресуде организмге көмектеседі;
- ✓ сатып алынған өнімдердің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімін мұқият қадағалау қажет;
- ✓ жеке гигиена ережесін қатаң сақтау керек (тамақты дайындар алдында және тамақ ішердің алдында, жануарларды ұстағаннан кейін, дәретханаға барғаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу);
- ✓ тағам өнімдерін арнайы сатуға рұқсат етілген орындардан алу керек;
- ✓ шомылуға арналған арнайы орындарда ғана шомылу қажет;
- ✓ қайнатылған, бөтелкедегі немесе кепілдендірілген сапалы суды қолдану керек;
- ✓ тұрғын үйде үнемі тазалықты, жеке гигиенаны сақтап, балаларға қайнатылмаған сүт өнімдерін, шикі жұмыртқаны бермеу керек, тағам дайындауға тек балғын өнімдерді қолдану қажет;
- ✓ жіті ішек жұқпасының белгілері болған жағдайда (дене қызуының көтерілуі, құсу, іш өтуі және тағы басқа белгілер) дереу медициналық көмекке жүгіну керек.